

6. Дулатов М. Шығармалары. А; 1991. 3 бетте.;ҚРОМА 25к, 1т.1375 іс,41п.; Обзоры Тургайской области 1894г, Оренбург,1895.61бетте.
7. ҚРОМА 25к, 1т., 1551 іс, 98,275 парақтар.
8. Абдуллин Ә. Торғайлық қос наркомның бірі //Торғай тынысы.21.05.91.
9. Гончарук.Л. Құжаттар топтамасы.// Тургайская новь.27.08.87.; Политические репрессии в Казахстане в 1937-1938г.г. Сб.Док.-А.,1998г.,73-74 беттер;
10. Жангелдин аудандық мұражай қорынан.
11. Иманбекова Б. Нығымет Сырғабековтің әлеуметтік көзқарасы және мемлекеттік қызметі.-А.,1991жыл.
12. Еңбекшіл қазақ.1922 жыл.16.02.№76.
13. Дулатова Г. Ардақтап өтем әкемді. //Жұлдыз.1990жыл.; Тоқтабаева Ә. Әкемнің аруағына бас иемін.//Торғай тынысы.16.08.91.

## **САЯСИ ҚУҒЫН - СҮРГІН ҚҰРБАНЫ БОЛҒАН СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН**

**Жұмағалиев О.Ж.**

*ШҚО, Семей қаласының «№8 жалпы орта білім беретін көркемдік -  
эстетикалық білім және тәрбие беру мектеп - кешені» КММ*

XXI ғасырда тәуелсіз мемлекетіміздің егеменді ел болып отырғанда, қазақ жұртына есімдері тарихта беймәлім болып келген қазақ азаматтарының қайта оралуы мен жандануы халқымыздың сана - сезімін бір сілкіндіріп, рухани өмірінде серпін бергені ақиқат. Міне, сондықтан да біртуар қазақ зиялыларымыздың XX ғасырдың бірінші ширегінде өмір сүрген қазақ зиялыларының еңбектері мен туындыларын жан - жақты терең зерттеу, олардың әрқайсысын халық арасында насихаттау - бүгінгі күн тәртібінде тұрған көкейкесті мәселе болып табылады. [2,23 б].Саяси қуғынға ұшыраған қазақ зиялылары өздерінің білімділігі мен ізденістері нәтижесінде қазақ халқының әлеуметтік, оқу - ағарту тақырыбындағы еңбектерін туындауы сол кездің саясат пен қазақ халқының болашағына үміт артар шаралары негізінде жарық көріп отырған. С.Сейфуллиннің педагогикалық көзқарастары оның шығармаларында жарқын көрініс табады. Оның педагогикалық идеялары мен ағартушылық ойлары өмірге деген саяси - қоғамдық көзқарасынан туып, қалыптасқан. Ол бұл жағынан алғашқы ағартушы - демокарттар Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсариннің тікелей мұрагері, солардың ісін жалғастырушы ретінде көрінеді. Оның көркем туындылары ағартушылық идеялармен оқу - тәрбие мәселесімен орын алған [1,22 б].

С.Сейфуллин бұқара қараңғылықтан, езушіліктен алып шығудың тікелей жолы халықтың сауатын ашып, оларға білім беру деп түсінді. Ол өзінің күш - жігерін, творчестволық еңбегін халықтың білімін, мәдениетін көтеруге, жастарға білім, тәрбие беруге жұмсады. Сол уақыттағы оқып алудың қажеттігін ол өзінің көптеген өлеңдерінде бейнеледі. Жастарды оқуға, білім алуға шақырып қана қоймай, оларды өзі тікелей оқытып, тәрбиеледі де, ол оқу мен тәрбиенің өзара тікелей байланысты екенін түсіне білген. Ол сол

кездегі алдыңғы қатарлы тәжірибелі мұғалімдердің пікірлерін негізге ала отырып, оқу мен тәрбие мәселелерінде баланың жеке басын сыйлау, баланы өз күшіне сендіре білу, оқушыларды меңгерте білу өте керекті және ең басты нәрсе деп түсінген. Қазақ совет әдебиетінің негізін салған С.Сейфуллин рухани дамудың барлық саласында айрықша үлес қосуы көп қырлы талант екеніне дәлел. Оның қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуі, ескі әдебиет, фольклор нұсқаларын жинап бастырып, ғылыми талдау жүргізуі қазақ әдебиеттану ғылымының өркендету сатысында да С.Сейфуллин есімінің оқшаулана айқын тұрғанын көрсетеді. Мысалы «Қазақ әдебиеті туралы хат» деген мақаласында былай деп жазады: «Өте - мөте керек болып отырған мағлұматтар Ақан серінің өлең - күйлері, Жаяу Мұсаның өлеңдері, Маңмаңгердің Ыбырайының өлеңдері, Балуан Шолақ, Мәди тәрізділердің өлеңдері. Бұлармен қатар ел аузында жатқа айтылып жүрген түрліше өлең - жыр, әңгімелер, қазақтың әндерінің, күйлерінің әңгіме, тарихтары. Осылардың бәрі қазақтың тарихына, мәдениет, әдебиет тарихына керек мағлұматтар болады» [3,19 б].

С.Сейфуллиннің ғылыми қайраткерлігі ауыз әдебиетінің үлгілері мен жекелеген ақындардың мұраларын жазып алып, жариялануынан бастау алады. Алдымен халық мұрасын жинақтауға кіріскенде алдына қойған мақсаттары: біріншіден, іс - түзсіз жоғалып кетуден сақтау, хаттап, қағазға түсіру; екіншіден, талғап - таразылап, ой елегінен өткізіп, уақыт кәдесіне жарайтындарын тасқа бастырып, жарыққа шығару; үшіншіден, заман талабы мен өскелең өмірге алған тартқан қажеттіліктерді өтеу, яғни мектептер мен жоғары оқу орындарын хрестоматия - оқулықтармен, қазақ әдебиетінің тарихын баяндайтын еңбектермен қамтамасыз ету еді. [2,24 б]. Яғни ақынның жас кезінен өнер саңлақтарын тудырған, 4сұлулығы «мылқауға тіл бітірген», ақындарға шабыт берген Көкшені аралап, ақын - әншілеріне, өнер қайраткерлеріне қатысты деректерді жинай жүріп, зерттеп насихаттау үшін ел арасында айтылып жүрген аңыз - әңгімелерді, ертегілерді көптеп жазып алып отырған. 30 жылдары көне мұраларды, жеке ақындар шығармаларын жинағанда мындай жолдарды пайдалаған: 1. Қазақтың біраз жерін аралап, көне көз қариялардан естіп, өзі жазып алады; 2. Елден естігендерін жадында сақтаған; 3. Біржан сал, Ақан Сері, Балуан Шолақ ұрпақтарымен кездесіп, балаларымен жүздесіп, біраз деректер алған; 4. Жамбылды, Кененді, Иман Жүсіпті көп тыңдаған; 5. Ә.Диваевтан көптеген керекті материалдар алған; 6. 1929 жылдан бастап студенттер арқылы жинастырған; 7. 1929 жылы «Еңбекші қазақ» газетіне «Ашық хат» жазып көпшіліктің көмегіне сүйенген. Бұл баяндаулар оның халық мұрасын жинақтаудағы қызметін, еселі еңбегін танытады [5,19 б].

Халық тарихына, халық мұрасына деген ықыласын, оны көздің қарашығындай сақтап жоғалтпауға, жинастыру ісіне белсенділігін осылайша танытқан Сәкен соны өзі бас боп жүзеге асырады. Көне тарихқа көз жіберу арқылы халықтың өткен өмірін өзіне танытуды жөн деп білген. Жасынан жан құштарлығын туғызған саятылық, серілік, табиғат сұлулығын тамашалау, сезім сырларына жетелеу арқылы қаламгерлік қасиетіне әсерін

тигізбей қоймайды. Табиғат туралы лирикасында «Көкшетау», «Аққудың айрылуы» поэмалары мен ән - күйге, жалпы өнерге арналған өлеңдерінде осы сипат айқын көрінді. Мерзімді басылымдар саяси санадағы құнды пікірлер және көзқарастар тудырудың қайнар көзі болып табылады. Қоғамдық саяси және мәдени өмірінің сан қырлы мәселелеріне халық көңілін аударатын бірден - бір құрал баспасөз болып отырғандығы ертеден белгілі. Осы ретте С.Сейфуллиннің мысалдарындағы құнды ой - пікірлердің ұлт өмірінің көкейтесті міндеттерін айқындаудың маңызы зор. Ол Ақмолада уездік атқару комитетінің төрағасы қызметінде болғанда қазаннан әріп алдырып, қазақ баспаханасын жасақтап, «Тіршілік» атты газет шығаруды ұйымдастырды. Газетте Кеңес үкіметін нығайту, қалыңмалды жою, әйелдерге теңдік беру, жастарды оқытып, оларға білім беру ұранын көтерді. «Тіршілік» газеті ел ішінде ықпалды болған, онда жергілікті қазақ еңбекшілері өздерінің мұң - мұқтажын көп жазып тұрған. Қазақстан Автономиялық республика болып құрылуына байланысты «Ұшқын» газетінің орнына «Еңбек туы» газеті шығарылды [6,12 б].

С.Сейфуллин осы екі газете де өзінің публицистикалық қызметін тоқтатпай, олардың беттерінде сол кездегі саяси, экономикалық және халық ағарту салалары бойынша мәселелерді өз мақалаларында кеңінен көтеріп отырған. «Қазақ жұмыскер кедейлері газет, журнал оқулары керек», «Қазақ халқының төмен табының азаматтарына», «Баспасөз майданында», «Қазақстан баспасөздері», «Баспасөзді күшейту жұмысы», «Оқушы жастарға үлгі» және т.б. мақалаларының маңызы мен мақсаты орынды ой - пікірлерге толы. Мысалы: «Баспасөз майданында» атты мақаласында: баспасөздің рухани байлық, рухани азық екенін, оны оқытудың қажеттігін, пайдасын былай түсіндіреді: «Газет, журнал оқымаған адам - соқыр, мүгедек...Газет, журнал, кітап оқымайтын адам - өмірін босқа өткізген, қайнаған топтың арасында мең - зең болып, қақтығып, адасып қалған пенде...Адамзатқа екі түрлі ас керек: біреуі - тәніне, біреуі - рухына. Рухына керектің үлкені газет, журнал, кітап оқу. Газет, журнал, кітап оқыған адамның білімі, дүниеге, тұрмысқа көзқарасы бірте - бірте кеңейе бермек, маңайында болып жатқан істердің не екенін, маңайында сапырылысып, әрекет қылып жатқан адамдардың кім екенін һәм өзінің кім екенін білмек». «Қазақ халқының төмен табының азаматтарына» және «Газетке не жазу керек?» атты мақалаларында ол жұртты баспасөзге қатыстыру, газетке не мәселе жазу керек, оны қалай жазу керектігі туралы ақыл - кеңес береді: «Енді газет, журналды оқып, ойланып, газет - журналға өз мұң - мұқтажын ерінбей жазып, аянбай іске кірісетін уақыт жетті. [7,11 б]. Рас, алғашқы уақытта газетке сөз жазғандардың сөздері әдемі, шебер, сұлу болмаса да одан ұялмау керек. «Туа мүйіз бітпейді, жүре мүйіз бітеді» - деген. «Сеніндер, енді қорланбаңдар! Именбеңдер, еңбекшіл халық тобының мұң- мұқтажын мына «Еңбекші қазақ» газетіне дамылсыз жазып тұрыңдар. Мұң - мұқтаждарына «Еңбекші қазақ» газетінің жүзінен жауап, кеңес, нұсқа, баяндама аласыңдар. «Еңбекші қазақ» газеті сендердікі». С.Сейфуллин еңбектерінің ішінде сол тұстағы қазақ тілінің өмір саласында қолданылу жайын анықтайтын көптеген

фактілерді былай сипаттайды: «Тағы да түрлі мекемелердің істерін көңілдегідей жүргізіп кететін қазақ еңбекшілерінен шыққан адам аз болғандықтан, Қазақстан үкіметі керекті қызмет қылатын адамдар даярлауға түрлі курстар, түрлі мектептер ашып жатыр. Мәселен: 1. баспа өнерінің курсы; 2. салық, қазына, ақша істерін жүргізетін адамдарды шығаратын курстар; 3. кооперация ұйымдарының істерін жүргізетін курстар; 4. мұғалімдер даярлайтын институт һәм техникумдар, курстар; 5. адам дәрігерлерін шығаратын техникумдар; 6. мал дәрігерлерін шығаратын техникум; 7. әскер бастықтарын шығаратын школа; 8. милиция бастықтарын шығаратын курс; 9. сот істерін басқаратын адамдарды шығаратын курс. Бұл оқу ісі 1923 жылдан бастап көтермелеп, жүргізіп келеді». [8,7 б].

Арманы оқу - ағарту мәселесі болған С.Сейфуллин «Әр қазақтың жадында оқу болсын!» деген мақаласында алдыңғы ойын сабақтай түсті. «Бұрынғы уақыттай өнер - білімсіз - ақ далада хайуан тәрізді күн өткізіп жүре беретін заман өтті. Қазақ халқына ең әуелі оқу керек, оқу керек! Оқусыз, өнер - білімсіз, екінші түрмен тіршілік қылу бек қиын» деп жазады да ендігі сөзін іс басындағы қызметкерлерге арнайды: «Елдің атқа мінген бастықтары оқу ісіне қарамай кетсе, ел балалары оқусыз жүрсе, атқа мінген ел адамдарының мойнына қазақтың кейінгі келешек жас буынның мың лағнаты артылады. Көңілінде азырақ адамдықтың санлауы бар әр қазақтың баласы енді бұдан былай жадынан оқу ісін тастамау керек. Қазаққа оқу бұрын бір мәртебе керек болса, енді мың мәртебе керек болады. Қазақ алдағы болшағын ойлауы керек», - деп ұйымдасып, бірлесіп оқу ісін жөнге салу жайына тоқталады. Қазақ совет балалар әдебиетінің негізін қалаушы, балалардың сүйікті жазушысы. Оның «Маузер» (1929), «Бандыны қуған Хамит» (1922), «Бұлшық ет» (1923), «Балалар» (1925), «Келіншектің бесік жыры» (1926), «Пионерлер» (1929), «Октябрь күні» (1929), «Біз комсомол» (1935), «Ананың хаты» (1925), «Інішегіме» (1925), «Анаға хат» (1926) сияқты жазылған өлең - әңгімелері Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарынан бастап - ақ өзінің жаңашылдығымен балалардың сүйіп оқитын шығармаларына айналды [9,1 б].

С.Сейфуллин өзінің «Інішегіме» атты өлеңінде жасөспірімге үлкен ойтастайды, білім - ғылымды меңгеруге үндей. Ақын қараңғы үйге шырақ болып жануға шақырады.

Біз қараңғы үйде отырмыз қарағым.

Басқа жұртта жап - жарық қып шырағын,

Солардай боп біз де жарық көрейік,

Сендер де кеп шырақ бақшы, шырағым, -

деген өлең жолдарынан ақынның тереңіне бойлату, биік өрісі, елін мәдениетке жеткізіп, жас қауымды оқып білім алуға үгіттеген. Оның мақсаты оқушылардың дүниетанымын, адамгершілік қасиеттерінің көзін аша отырып, эстетикалық, рухани бағдар беру, әсемдікті сезінулерін бірте - бірте дамыта отырып жүзеге асыру болып табылды. С.Сейфуллиннің бұл шығармалары - балалар әдебиетінің қайта дамыған жаңа дәуірінің беташары болды. Өзінің «Бұлшық ет» деген өлеңінде еңбек еткен адамның еңбегінің табысын сүйсіне

жырлайды. Отанын да, халқын да сүйсіндіріп, әрқашан даңққа бөлеп отырғанын жас өспірімдерге үлгі - өнеге етіп көрсетті. Еңбекке жаңа көзқарас 20 - шы жылдар әдебиетінің бет алысы болды. Осыған орай мектептерде еңбек тәрбиесін қолға алу кеңес педагогикасының басты міндетіне айналды. Ол кездегі политехникалық оқудың міндеті балаларды өндіріс пен ауыл шарушылық ісіне негізделген еңбектің түрлі салаларымен таныстырып, үйретіп отыру көзделген еді. С.Сейфуллин «Қалаушылар жыры өлеңінде:

Қолда қалақ, шот аяқ,  
Сұрғылт балшық үстіміз  
Жігерлі сұр қалаушы -  
Жігерлі сұр түстіміз.

Жас өспірімдердің еңбекпен айналысуы, сондай - ақ олардың әр түрлі ауыл шаруашылық жұмыстарына тікелей араласып кетуі балалардың ой - өрісін кеңейтеді. Оларды жат мінезділіктен арылтып, саналы да тәртіпті адам болуға икемдейді. Сонымен қатар еңбек балаларды әр нәрсені білуге талаптандырып, қазіргі материалдық дүние жөнінде ұғым береді. Сондықтан С.Сейфуллин еңбек еткен азаматтардың құлшына кіріскен ерлік істеріне сүйсініп, балалар мен жасөспірімдердің рухын көтеретіндей дәрежеде суреттейді:

Шаттық, қызыл еңбекте,  
Іс істейміз сүйсіне.  
Темір қалақ үн қосар,  
Күшті қолдың биіне.  
Көкке өрлетіп қалаумен,  
Қызыл қышты тізілту....

Бұл өлеңде балаларды еңбекке тәрбиелеу, соған баулумен қатар, барлық игі жұмыстар жастардың өздері де белсене ат салысуы керектігі айтылған. С.Сейфуллин өз шығармаларында жеңіс жолында әлеуметтік құрылыстың алғашқы даму кезеңдерін әңгімелей отырып, балалар әдебиетіне жаңа тақырып, жаңа мазмұн, жаңа идея енгізді. Балалардың жауапкершілігі, патриоттық рухын, жасөспірімдердің Отанға деген сүйіспеншілігі мен халқына адал қызмет етуге бағыштады. 1922 жылы шыққан «Өткен күндер» жинағына енген шығармаларда надан байларды сынап, жас ұрпақты ғылым, білім үйренумен тоқталса, кейінгі жинақтарында оқу - ағарту, мәдениет тақырыбында болды. Мәселен, «1922 жылы шыққан «Асау тұлпар» өлеңдер жинағында ескі дүниені жоққа шығарып қана қоймай, жастардың жаңаға, жақсылыққа ұмтылуға шақырады [12,37 б].

Қазақ әдебиеті тарихында өзінің әйгілі мемуарлық романы «Тар жол, тайғақ кешу» әңгімесінде жалынды ақын, қайсар С.Сейфуллин өз бейнесі осы күнгі жастарды тәрбиелеуде да ерекше орын алады. «Мақсұт: 1916 - 1919 жылдардағы тарихи қозғалыстың, ұлы өзгерістің Қазақстандағы өзім көрген, өзім білген оқиғаларынан баспа жүзінде әйтеуір іс қалдыру болды. Бұл кітапқа «Қызыл Қазақстанда» жазылған мақалаларымның «Тар жол, тайғақ кешу» деген атын қойдым. «ұлы өзгеріс», «ұлы өткел», «ұлы асу» деген аттар ойыма келіп еді. Көзбен көргендерім кітапта көбірек айтылған соң, «Тар жол,

тайғақ кешу» деген атты лайықтырақ таптым. Бұл атты, жалпы, суретті мағынада алдым. Газеттерден мағлұматтар көп кірді. Өйткені мен бұл кітаптың көп жерлері тарихи мағлұмат болуға жарар деп білдім», - дейді. «Маузер» поэмасында 1917 - 1922 жылдар арасындағы революциялық күрестерде ерлік, табандылық көрсеткен қазақ еңбекшілерінің жарқын бейнесін жасөспірімдерге әсерлі түрде суреттеп берген. Отаны, елі, өз халқының азаттығы үшін қан майданда ауыр жараланып, әл үстінде жатқан азамат өзінің ақтық сөзін анасына, жас жарына, баласына, еркіндік жолында күрескен майдандас достарына арнайды. Ал «Бандыны қуғын Хамит» атты прозасында ұлы қазан революциясының жеңісінен соң, кеңес өкіметіне қарсы іріткі салу мақсатымен елдің үрейін, момын шаруалардың берекесін кетіріп жүрген бандылардың қарақшылық әрекетін әшкерелеуге арналған. 1925 жылы «Аққудың айырылуы» атты еңбегі мәңгілік махаббат, эстетикалық тұрғыдан жырлаған. Орыстың ақындары Пушкин, Лермонтов, Толстой Кавказ атырабын шығармаларына қалай арқау етсе, С.Сейфуллин де Көкшетау табиғатынан, тарихынан, бүгінгі тынысынан, болашағынан өнеріне өріс тапқан. 1931 жылы «қазақтың ескі әдебиет нұсқалары», 1932 жылы І.Жансүгіров, Ә.Мәметкеліні, «Б.Майлинмен бірігіп «Әдебиеттану оқу құралын», 1933 жылы «Батырлар жырының» бірінші томын, 1934 жылы Ы.Алтынсариннің өлеңдер жинағын, 1935 жылы Ө.Тұрманжановтың бірлесіп 5 - сыныпқа арналған «Көркем әдебиет» оқулығын бастырып шығарды [13,9 б].

1931 жылы біріншісі «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» деген атпен хрестоматия, екіншісі «Қазақ әдебиеті. Билер дәуірінің әдебиеті» деп аталатын қазақ ауыз әдебиетінің тарихын баяндауға арналған ғылыми зерттеу еңбек 1932 жылы жарық көрді. Мұнда С.Сейфуллин алдымен қазақ халқының тарихынан қысқаша мәлімет беріп, ауыз әдебиетін жанрына қарай жіктеп, бірнеше салаға бөліп баяндайды. Негізгі зерттеу еңбегі 1932 жылы «Қазақ әдебиеті» деген атпен жарық көрді. Осы еңбекке алғысөз жазған М.Жолдыбаев: «Қазақстанда жалпы міндетті бастауыш оқу жүргізілді, сауатсыздықты жою жұмысы ұлы қарқынға түсті, орта дәрежелі мектептер көбейді, жоғары дәрежелі мектептер ашылды. Басты педагогика институты ашылды. Бұл институтқа қазақ әдебиетін ауызша оқыту жоғары дәрежелі мектепте мүмкін болмады. Институтта қазақ әдебиетін оқыту Сейфоллаұлы Сәкен жолдас бұл қиындықты жеңгеннен қазақ әдебиеті туралы кітап жазуға кіріскен. Қазақ елінің тарихы жоқ. Оның үстіне әдебиетінің тарихы жоқ. Сәкен бұл қиыншылықты шеккеннен қазақ әдебиеті туралы жазды. Өлең жазуға ұста. Бірақ ақын тарихшы бола бермейді. Дегенмен жоқтық қысып, амалсыздан Сәкен тарихшы болған. Көп еңбек сіңірген», - дей келе, аталған оқулық жайлы: «Кітаптың басында қазақ халқының тарихы туралы бір дайын мәліметтер келтіріп қазақ әдебиетінің жинатарын дәуір - дәуірге жіктеп тарихпен байланыстырып отырған. Сәкен қазақ тарихын, қазақ ауыз әдебиетін зерттеу барысында қазақ атанып отырған түрік - монғол руларының бір кездегі Ноғай ханның аты «Ноғайұлы» деп атап анықтаған. С.Сейфуллин қазақ ақындарының мұрасын тануға өзінің зор үлесін қосып

кана қоймай, әдебиет тарихын жасауға қажетті істерінің үлгісін де көрсеткен. Аталған оқулықта автор ауыз әдебиетін үлкен екі бөлімге бөліп қарастырады. Бірінші бөліміне: ертегілер, салт - өлең жырлары, ескілікті дін салтынан туған өлең жырлар, мал туралы, «қадірлі» жануарлар туралы әңгіме, өлең күй жырлар, жастық, ойын, күлкі өлең - тақпақтар, билер сөздері тәрізді ауыз әдебиетінің түрлерін енгізеді. Екінші бөлімін батырлар жырлары мен ертедегі жырлы әңгімелердің (лиро - эпостық) шығу тарихына, көркемдік ерекшелігіне жырдың құрылысын зерттеуге арнайды [7,17 б].

Қазақ мәдениетінің тарихында үлкен құбылыс болған «Қазақ әдебиеті» атты еңбегінің орны бөлек. Өйткені, ол біріншіден жоғары оқу орындарының оқу құралына зәрулігін өтеді. Екіншіден, қазақ ауыз әдебиетінің тарихын ғылыми жүйемен талдап, қазақ фольклористикасының негізін қалады. «Сәкеннің көркемдік көкжиегін көрсететін - «Кездеспей кеткен бір бейне» - мәңгілік шығарма, өйткені Сәкен тұлға көркемөнердің алтын қазығы болып қағылды қазақ әдебиетіне деген сөз. Оның алдына шығу мүмкін емес, әзірге. Ендігі жерде Сәкенді неғұрлым деректей түсу арқылы ғана ұрпақ санасынан суытып алмауға күш салу керек». Демек, тарихи тұлғалардың тағдырын парақтағанда олар қандай жолды таңдағаны бойынша бағаланбау керек, халқына қаншалықты қызмет еткені, қаншалықты еңбек сіңіргені, қаншалықты жілігі татитын мұра қалдыра алғаны бойынша лайықты бағасы берілуі тиіс. Тарихи әділдіктің де, ғылыми - әдіснамалық объективті ұстанымның да қисыны осы. Бұл тұрғыдан келгенде, Сәкен - халқымен мәңгі бірге жасайтын, халқының мәңгі сый - құрметіне лайықты біртуар тұлғасы.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Жұматаева Е. Жоғары мектеп дидактикасы дамуының ғылыми-педагогикалық негіздері. Пед. ғыл. докт. ғыл. дәреж. алу үшін дайындалған диссерт. Автореф. Алматы, 2003.- 22 б.

2. Кертаева Қ.М. Болашақ мұғалімнің деонтологиялық даярлығын қалыптастыру. Пед. ғыл. докт. ғыл. дәреж. алу үшін дайындалған диссерт. Автореф. Алматы, 2003.-23 б.

3. Кенжебеков Б.Т. Жоғары оқу орны жүйесіндегі болашақ мамандардың кәсіби құзыртертілігін қалыптастыру. Пед. ғыл. докт. ғыл. дәреж. алу үшін дайындалған диссерт. Автореф. қарағанды, 2005.- 19 б.

4. Мірәлиева А.Ж. Ж.Аймауытұлының (1889-1931) психологиялық- педагогикалық көзқарастары: Пед. ғыл. канд. ғыл. дәр. алу. үшін дайындалған. дисс. Авторефераты.- Алматы. 1998.- 24 б.

4. Тұсбакова Н.А. Педагогические идеи М.Н.Габдуллина: Автореферат дисс. на соиск. канд. пед. наук. -Алматы, 2002.- 19 с.

5. Байменова Б.С. Алашорда қайраткерлерінің педагогикалық мұрасы: Пед. ғыл. канд. дәр. алу. үшін дайындалған. дисс. Авторефераты. Астана. 2002. 11 б.

6. Тілешова Ж.К. Қазақстан және АҚШ жоғары оқу орындарын салыстыру негізінде болашақ мұғалімдердің экологиялық дайындығын қалыптастырудың педагогикалық шарттары: Пед. ғыл. канд. дәр. алу. үшін дайындалған. дисс. Авторефераты.- Астана. 2003. 12 б.

7. Жұмабаева З.Е. Орыстілді мектептерде қазақ әдебиетін мемлекеттік тілде оқытудың дидактикалық негіздері. Пед. ғыл. канд. дәр. алу. үшін дайындалған. дисс. Авторефераты.- Павлодар.- 2006. 20б.

8. Баймағанбетова Ж.Т. Қазақ ақын-жыраулар мұрасындағы жас кезеңдеріне қатысты тәлім-тәрбиелік ой-пікірлері (XVIII-XIX ғғ.): Пед. ғыл. канд. дәр. алу. үшін. дайындалған. дисс. Авторефераты. - Алматы. - 2003. 19 б.

8. Елемесова А.С. Абай мұрасындағы рухани-имандылық тәрбие идеялары: Пед. ғыл. канд. дәр. алу. үшін. дайындалған. дисс. Авторефераты. - қарағанды. - 2000. 19 б

9. Шалғынбаева Қ.Қ. С.Торайғыровтың педагогикалық-ағартушылық идеялары. Пед. ғыл. канд. дәр. алу. үшін. дайындалған. дисс. Авторефераты. - Алматы. - 995. 17 б.

10. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. - 1999 жыл. 7 маусым. // Қазақстан Республикасындағы білім туралы заңнама: Заң актілерінің жиынтығы. - Алматы: Юрист, 2002. - 3-37 б.

11. Қазақстан Республикасының мәдени-этникалық білім беру тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан. - 1996. - 7 тамыз.

12. Қазақстан Республикасының Білім мазмұмнын гуманитарландыру тұжырымдамасы. - Алматы: Қазақстан, 1994. - 37 б.

13. Назарбаев Н.Ә. Ұлттық кеңестің мәжілісіндегі баяндамасы. // Егемен Қазақстан. - 2003. - 4 ақпан.

## **ПОЛИТИЧЕСКИЕ РЕПРЕССИИ 1936–1938 ГГ. В ЖИЗНИ ГОРОДСКОГО НАСЕЛЕНИЯ СЕВЕРНОГО КАЗАХСТАНА**

**Козыбаева М.М.**

*доктор PhD, Костанайский государственный педагогический институт, г. Костанай*

Безусловно репрессивные меры государства 1920-1930 гг. стали большими потрясениями для общества, тем или иным образом повлияли на обычный повседневный уклад жизни советского человека и отложились в народной памяти как годы разрушения семейных ценностей и потери связи с предыдущими поколениями, заочно обвиненными в преступлениях против советской власти. Печальными событиями ознаменовалась эпоха репрессий и для городского населения Северного Казахстана, который не стал исключением, и как и другие понес большие потери в качественном составе населения. В данной статье мы рассмотрим особенности влияния репрессий на жизнь репрессированных и их потомков.

Политические процессы второй половины 1930-х гг. повлияли на демографические процессы в регионе, в связи с движением лиц различной квалификации и большой текучести партийных кадровых работников. В этот же период начал раскручиваться маховик репрессий, достигший своего пика в 1937 г. Так, в Павлодаре уже к 1935 г. из городской партийной организации было изгнано и репрессировано около 30% коммунистов, были заменены почти все первые и вторые секретари райкомов партии. Не обошли репрессии учителей, врачей, руководителей учебных заведений, служителей религиозного культа.

Эпоха Великого террора 1936–1938 гг. ознаменовалась фактическим разрывом родства и потерей семейных ценностей. Политические репрессии коснулись практически каждой семьи в регионе. Только по Северо-